

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 31 тамыздағы № 490 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 13-I, 13-II, 83-құжат; № 21, 122-құжат; 2015 ж., № 16, 79-құжат; № 21-III, 137-құжат; № 22-I, 140-құжат; № 22-III, 149-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 8-II, 67-құжат; 2016 жылғы 10 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне төлемдер және төлем жүйелері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 51-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге шығарып жіберу осы адамның Қазақстан Республикасының аумағына кіруіне бес жыл мерзімге тыйым салу белгілене отырып, мәжбүрлеу тәртібімен орындалады.»;

2) 170-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«170-бап. Жалдамалылық

1. Жалдамалыны азғырып көндіру, оқытып-үйрету, қаржыландыру немесе өзге материалдық қамтамасыз ету, сол сияқты оны қарулы қақтығыста, соғыс қимылдарында немесе конституциялық құрылысты құлатуға немесе оған нұқсан келтіруге бағытталған өзге де күш қолдану әрекеттеріне пайдалану не мемлекеттің аумақтық тұтастығын бұзу –

мүлкі тәркілене отырып, жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып жасаған немесе кәмелетке толмаған адамға қатысты жасалған дәл сол іс-әрекеттер –

мүлкі тәркіленіп, он екі жылдан он жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Жалдамалының қарулы қақтығысқа, соғыс қимылдарына немесе конституциялық құрылысты құлатуға немесе оған нұқсан келтіруге бағытталған өзге де күш қолдану әрекеттеріне қатысуы не мемлекеттің аумақтық тұтастығын бұзуы –

жеті жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, адамдардың қаза табуына немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соққан іс-әрекет –

мүлкі тәркіленіп, он бес жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не өмір бойына бас бостандығынан айыруға не өлім жазасына жазаланады. » ;

3) 171-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«мүлкі тәркіленіп, жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. » ;

4) 172-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«бес жылдан тоғыз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. » ;

5) 173-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«173-бап. Халықаралық қорғауды пайдаланатын адамдарға немесе ұйымдарға шабуыл жасау

1. Шет мемлекеттің өкіліне немесе халықаралық қорғауды пайдаланатын халықаралық ұйымның қызметкеріне немесе онымен бірге тұратын оның отбасы мүшелеріне, сол сияқты халықаралық қорғауды пайдаланатын адамдардың қызметтік немесе тұрғын үй-жайларына не көлік құралдарына шабуыл жасау, сол сияқты осы адамдарды ұрлау немесе бас бостандығынан күштеп айыру, сондай-ақ көрсетілген әрекеттерді жасау қатерін төндіру –

үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Бірнеше рет не қаруды немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданып не адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен жасалған не денсаулыққа ауыр зиян келтірумен ұштасқан, сол сияқты соғысқа арандату немесе халықаралық қатынастарды

ушықтыру мақсатында жасалған дәл сол іс-әрекеттер – мүлкі тәркіленіп, он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, абайсызда адам өліміне әкеп соққан немесе қылмыстық топ жасаған іс-әрекеттер – мүлкі тәркіленіп, он бес жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

6) 179-баптың үшінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын: «он екі жылдан он жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

7) 181-баптың екінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын: «он екі жылдан он жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

8) 182-бап мынадай редакцияда жазылсын: «182-бап. Экстремистік топ құру, оған басшылық ету немесе оның әрекетіне қатысу

1. Экстремистік топ құру, сол сияқты оған басшылық ету – мүлкі тәркіленіп, он жылдан он жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Экстремистік топтың әрекетіне немесе оның жасайтын қылмыстарына қатысу – мүлкі тәркіленіп, сегіз жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, адам өзінің қызмет бабын пайдаланып не қоғамдық бірлестік лидері жасаған іс-әрекеттер – мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бес жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, он екі жылдан он жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескертпе. Экстремистік топтың әрекетіне қатысуды өз еркімен тоқтатқан адам, егер оның әрекеттерінде өзге қылмыс құрамы болмаса, қылмыстық жауаптылықтан босатылады.»;

9) 184-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын: «мүлкі тәркіленіп, он бес жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не өмір бойына бас бостандығынан айыруға не өлім жазасына жазаланады.»;

10) 255, 256, 257, 258 және 259-баптар мынадай редакцияда жазылсын: «255-бап. Терроризм актісі

1. Терроризм актісі, яғни жарылыс жасау, өрт қою немесе адамдардың қаза табуы, елеулі мүліктік залал келтіру не қоғамға қауіпті өзге де зардаптардың туындау қаупін төндіретін өзге де әрекеттер жасау, егер бұл әрекеттер қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты үрейлендіру, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, шет

мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның шешімдер қабылдауына ықпал ету, соғысқа арандату не халықаралық қарым-қатынастарды шиеленістіру мақсатында жасалса, сондай-ақ аталған әрекеттерді дәл сол мақсаттарда жасау қатерін төндіру, – мүлкі тәркіленіп, алты жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазалаңады.

2. Мынадай:

1) бірнеше рет;

2) азаматтардың өмірі мен денсаулығына нақты қауіп төндіруі мүмкін қаруды не қару ретінде пайдаланылатын заттарды, жарылғыш заттарды немесе жарылыс құрылғыларын қолданып жасалған дәл сол іс-әрекеттер – мүлкі тәркіленіп, сегіз жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазалаңады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттер, егер олар:

1) жаппай қырып-жою қаруын, радиоактивті материалдарды қолданумен немесе қолдану қатерін төндірумен және жаппай уландыруды, эпидемияны немесе эпизоотияны таратуды, сол сияқты адамдарды жаппай қырып-жоюға әкеп соғуы мүмкін өзге де әрекеттерді жасаумен немесе жасау қатерін төндірумен ұласса;

2) абайсызда адам өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқса, – мүлкі тәркіленіп, он екі жылдан он жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазалаңады.

4. Қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты үрейлендіру, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның шешімдер қабылдауына ықпал ету, соғысқа арандату не халықаралық қарым-қатынастарды шиеленістіру мақсатында жасалған, адам өміріне қол сұғу, сол сияқты дәл сол мақсаттарда, сондай-ақ мемлекет немесе қоғам қайраткерінің мемлекеттік немесе өзге де саяси қызметін тоқтату не осындай қызметі үшін кек алу мақсатында жасалған оның өміріне қол сұғу не халықаралық қорғауды пайдаланатын адамдарға немесе ұйымдарға, ғимараттарға, құрылыстарға шабуыл жасаумен, адамды кепілге алумен, ғимараттарды, құрылыстарды, қатынас және байланыс құралдарын басып алумен, әуе немесе су кемесін, жылжымалы теміржол составын не өзге де қоғамдық көлікті айдап әкетумен, сол сияқты басып алумен ұштасқан адам өміріне қол сұғу – мүлкі тәркіленіп, он бес жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не өмір бойына бас бостандығынан айыруға не өлім жазасына жазалаңады.

Ескертпе. Терроризм актісін дайындауға қатысатын адам, егер ол мемлекеттік органдарға дер кезінде ескертуімен немесе өзге тәсілмен терроризм актісін болғызбауға ықпал етсе және егер оның әрекеттерінде өзге қылмыс құрамы болмаса, қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

256-бап. Терроризмді насихаттау немесе терроризм актісін жасауға жария түрде

ш а қ ы р у

1. Терроризмді насихаттау немесе терроризм актісін жасауға жария түрде шақыру, сол сияқты көрсетілген мазмұндағы материалдарды тарату мақсатында дайындау, с а қ т а у н е м е с е т а р а т у –

мүлкі тәркіленіп, бес жылдан тоғыз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан а й ы р у ғ а ж а з а л а н а д ы .

2. Адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып не қоғамдық бірлестік лидері жасаған не бұқаралық ақпарат құралдары немесе телекоммуникациялар желілері пайдаланыла отырып жасалған не адамдар тобы немесе алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған дәл сол іс-әрекеттер –

мүлкі тәркіленіп, жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан а й ы р у ғ а ж а з а л а н а д ы .

257-бап. Террористік топ құру, оған басшылық ету және оның әрекетіне қатысу

1. Террористік топ құру, сол сияқты оған басшылық ету – мүлкі тәркіленіп, он жылдан он жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан а й ы р у ғ а ж а з а л а н а д ы .

2. Террористік топтың әрекетіне немесе ол жасап жатқан терроризм актілеріне қ а т ы с у –

мүлкі тәркіленіп, сегіз жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан а й ы р у ғ а ж а з а л а н а д ы .

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып не қоғамдық бірлестік лидері жасаған іс-әрекеттер – мүлкі тәркіленіп, он екі жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан а й ы р у ғ а ж а з а л а н а д ы .

258-бап. Террористік немесе экстремистік әрекетті қаржыландыру және терроризмге не экстремизмге өзге де дем берушілік

1. Жеке тұлғаға не адамдар тобына не заңды тұлғаға олардың қызметінің террористік немесе экстремистік сипатын не берілген мүлік, көрсетілген ақпараттық, қаржылық және өзге де қызмет көрсету түрлері террористік немесе экстремистік әрекетті жүзеге асыру не террористік немесе экстремистік топты, террористік немесе экстремистік ұйымды, заңсыз әскерилендірілген құралымды қамтамасыз ету үшін пайдаланылатынын көрінеу білген адам жасаған, ақшаны және (немесе) өзге мүлікті, мүлікке құқықты немесе мүліктік сипаттағы пайданы беруі немесе жинауы, сондай-ақ сыйға тартуы, айырбастауы, қайырмалдығы, қайырымдылық көмегі, ақпараттық және өзге де қызмет түрлерін көрсетуі не қаржылық қызметтер көрсетуі –

мүлкі тәркіленіп, бес жылдан тоғыз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан а й ы р у ғ а ж а з а л а н а д ы .

2. Бірнеше рет жасалған немесе адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып не коммерциялық немесе өзге ұйымда басқару функцияларын орындайтын адам не

қоғамдық бірлестік лидері не алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған не ірі мөлшерде жасалған дәл сол іс-әрекеттер – мүлкі тәркіленіп, жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазалады.

Ескертпе. Террористік немесе экстремистік әрекетті қаржыландыруды және терроризмге не экстремизмге өзге де дем берушілікті күш қолдану қатерін төндіріп жүзеге асыратын және бұл туралы өз еркімен мәлімдеген, сондай-ақ қылмыстарды ашуға немесе оның жолын кесуге белсенді түрде ықпал еткен адам, егер оның әрекеттерінде өзге қылмыс құрамы болмаса, қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

259-бап. Террористік не экстремистік әрекетті ұйымдастыру мақсатында адамдарды азғырып көндіру немесе даярлау не қаруландыру

1. Террористік не экстремистік әрекетті ұйымдастыру мақсатында адамдарды азғырып көндіру немесе даярлау не қаруландыру – мүлкі тәркіленіп, сегіз жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазалады.

2. Адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып немесе кәмелетке толмаған адамға қатысты жасаған дәл сол іс-әрекет – мүлкі тәркіленіп, он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазалады.» ;

11) 269 және 270-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«269-бап. Ғимараттарға, құрылысжайларға, қатынас және байланыс құралдарына шабуыл жасау немесе оларды басып алу

1. Ғимараттарға, құрылысжайларға (оның ішінде Қазақстан Республикасының континенттік қайраңында орналасқан стационарлық платформаларға), қатынас және байланыс құралдарына, өзге де коммуникацияларға шабуыл жасау, сол сияқты оларды басып алу –

үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазалады.

2. Мынадай :

1) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен;

2) бірнеше рет;

3) өмірге немесе денсаулыққа қауіпті күш қолданып;

4) қаруды не қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданып;

5) пайдакүнемдік ниетпен немесе жалдау бойынша;

6) мемлекеттік органдардың немесе мемлекеттік мекемелердің ғимараттарына қатысты жасалған дәл сол іс-әрекеттер – мүлкі тәркіленіп, жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазалады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттер, егер

оларды қылмыстық топ жасаса не олар абайсызда адам өліміне немесе өзге де ауыр
з ар да п т а р ғ а ә к е п с о қ с а ,

мүлкі тәркіленіп, сегіз жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан
а й ы р у ғ а ж а з а л а н а д ы .

270-бап. Әуе немесе су кемесін не жылжымалы теміржол составын айдап әкету, сол
с и я қ т ы б а с ы п а л у

1. Әуе немесе су кемесін не жылжымалы теміржол составын айдап әкету, сол
сияқты айдап әкету мақсатында осындай кемені немесе составты басып алу –
екі жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2 . М ы н а д а й :

1) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен;

2) б і р н е ш е р е т ;

3) өмірге немесе денсаулыққа қауіпті күш қолданып не осындай күш қолдану
қ а т е р і н т ө н д і р і п ;

4) қаруды немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданып жасалған дәл
с о л і с - ә р е к е т т е р

мүлкі тәркіленіп, жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан
а й ы р у ғ а ж а з а л а н а д ы .

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттер, егер
оларды қылмыстық топ жасаса не олар абайсызда адам өліміне немесе өзге де ауыр
з ар да п т а р ғ а ә к е п с о қ с а ,

мүлкі тәркіленіп, сегіз жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан
а й ы р у ғ а ж а з а л а н а д ы . » .

2. 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік
кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 15-I, 15-II, 88
-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; 2015 ж., № 20-VII, 115-құжат; № 21-
III, 137-құжат; № 22-III, 149-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж.,
№ 7-II, 55-құжат; № 8-II, 67-құжат; 2016 жылғы 10 тамызда «Егемен Қазақстан» және «
Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір
заңнамалық актілеріне төлемдер және төлем жүйелері мәселелері бойынша өзгерістер
мен толықтырулар енгізу туралы» 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан
Р е с п у б л и к а с ы н ы ң З а ң ы) :

1) 1 8 7 - б а п т а :

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 99, 100, 101, 102, 103, 104, 105,
106, 107 (екінші бөлігінде), 110 (екінші бөлігінде), 116, 118 (үшінші бөлігінде), 120, 121
, 122, 124, 125, 126 (екінші және үшінші бөліктерінде), 127, 128 (екінші, үшінші және
төртінші бөліктерінде), 129, 132, 133, 134, 135, 141, 143 (екінші және үшінші
бөліктерінде), 148, 150 (екінші бөлігінде), 151, 155 (екінші бөлігінде), 156 (үшінші және

төртінші бөліктерінде), 157, 188 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 191 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 192, 193, 194 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 200 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 201 (екінші бөлігінде), 202 (екінші және үшінші бөліктерінде), 203, 205 (үшінші бөлігінде), 206 (екінші және үшінші бөліктерінде), 207 (екінші және үшінші бөліктерінде), 208 (екінші және үшінші бөліктерінде), 209 (екінші және үшінші бөліктерінде), 210 (екінші және үшінші бөліктерінде), 211 (екінші және үшінші бөліктерінде), 212 (екінші бөлігінде), 213 (екінші және үшінші бөліктерінде), 251, 252 (екінші бөлігінде), 254, 261, 268, 271, 272, 273, 274 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 277, 278, 279, 280, 281, 282, 288 (екінші және үшінші бөліктерінде), 293 (екінші және үшінші бөліктерінде), 295 (үшінші бөлігінде), 296 (төртінші бөлігінде), 297 (бірінші және екінші бөліктерінде), 298, 299 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 300 (екінші бөлігінде), 301, 302, 303 (екінші бөлігінде), 304, 305, 306 (екінші және үшінші бөліктерінде), 308 (екінші және үшінші бөліктерінде), 309 (екінші және үшінші бөліктерінде), 310 (екінші бөлігінде), 312, 314 (екінші бөлігінде), 315 (екінші бөлігінде), 317 (екінші, үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде), 318, 319 (бесінші бөлігінде), 320 (екінші бөлігінде), 322 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 323, 324, 325 (екінші және үшінші бөліктерінде), 326 (екінші және үшінші бөліктерінде), 327, 328 (екінші және үшінші бөліктерінде), 329, 330, 331 (бірінші бөлігінде), 332, 333, 334 (екінші және үшінші бөліктерінде), 335 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 337 (төртінші және бесінші бөліктерінде), 338, 340 (төртінші бөлігінде), 341 (екінші бөлігінде), 343 (екінші және үшінші бөліктерінде), 344, 346 (төртінші және бесінші бөліктерінде), 348 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 349 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 350 (екінші және үшінші бөліктерінде), 351 (екінші және үшінші бөліктерінде), 352, 353 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 354 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 355, 356 (екінші бөлігінде), 358 (үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде), 359 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 376 (екінші және үшінші бөліктерінде), 377, 380, 382 (екінші бөлігінде), 386 (екінші бөлігінде), 388, 389 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 399 (үшінші бөлігінде), 401, 402 (екінші бөлігінде), 404 (бірінші бөлігінде), 407 (үшінші бөлігінде), 408, 409, 411, 426 (екінші бөлігінде), 428 (екінші және үшінші бөліктерінде), 429, 437 (үшінші бөлігінде), 438 (екінші және үшінші бөліктерінде), 439 (екінші және үшінші бөліктерінде), 440 (төртінші бөлігінде), 441 (үшінші бөлігінде), 442 (екінші және үшінші бөліктерінде), 443 (екінші бөлігінде), 446 (екінші бөлігінде), 449 (үшінші бөлігінде), 453 (екінші бөлігінде), 454 (бірінші бөлігінде), 459 (үшінші бөлігінде), 462 (екінші және үшінші бөліктерінде), 463 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 464, 465, 466 (төртінші және бесінші бөліктерінде)-баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша алдын ала тергеуді ішкі істер органдарының тергеушілері жүргізеді.» ;

бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 174, 182, 269, 276 (екінші және үшінші бөліктерінде), 283, 284, 285, 286 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 287 (төртінші және бесінші бөліктерінде), 290 (екінші бөлігінде), 291, 297 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 394 (екінші және үшінші бөліктерінде), 404 (екінші және үшінші бөліктерінде), 405, 437 (төртінші және алтыншы бөліктерінде), 438 (төртінші бөлігінде), 439 (төртінші бөлігінде), 441 (төртінші бөлігінде), 442 (төртінші бөлігінде), 443 (үшінші бөлігінде), 444, 453 (үшінші бөлігінде), 454 (екінші бөлігінде), 455, 456, 457, 459 (төртінші бөлігінде)-баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша алдын ала тергеуді сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаған ішкі істер немесе ұлттық қауіпсіздік органдары жүргізеді.»;

2) 1 9 1 - б а п т а :

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 107 (бірінші бөлігінде), 112, 113, 114 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 117 (екінші бөлігінде), 118 (екінші бөлігінде), 119 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 126 (бірінші бөлігінде), 128 (бірінші бөлігінде), 136, 137 (екінші бөлігінде), 139, 142, 143 (бірінші бөлігінде), 153, 158 (екінші бөлігінде), 188 (бірінші бөлігінде), 191 (бірінші бөлігінде), 194 (бірінші бөлігінде), 200 (бірінші бөлігінде), 201 (бірінші бөлігінде), 202 (бірінші бөлігінде), 204 (екінші бөлігінде), 207 (бірінші бөлігінде), 209 (бірінші бөлігінде), 210 (бірінші бөлігінде), 212 (бірінші бөлігінде), 247 (үшінші бөлігінде), 252 (бірінші бөлігінде), 274 (бірінші бөлігінде), 287 (екінші және үшінші бөліктерінде), 288 (бірінші бөлігінде), 290 (бірінші бөлігінде), 292, 293 (бірінші бөлігінде), 295 (бірінші және екінші бөліктерінде), 299 (бірінші бөлігінде), 300 (бірінші бөлігінде), 308 (бірінші бөлігінде), 309 (бірінші бөлігінде), 310 (бірінші бөлігінде), 311, 313, 314 (бірінші бөлігінде), 315 (бірінші бөлігінде), 319 (бірінші, екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 321 (екінші бөлігінде), 322 (бесінші бөлігінде), 337 (үшінші бөлігінде), 339, 341 (бірінші бөлігінде), 342 (екінші бөлігінде), 345 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 346 (екінші және үшінші бөліктерінде), 347, 348 (екінші бөлігінде), 349 (екінші бөлігінде), 350 (бірінші бөлігінде), 357 (бірінші бөлігінде), 358 (екінші бөлігінде), 359 (екінші бөлігінде), 372, 379 (екінші бөлігінде), 386 (бірінші бөлігінде), 387, 390 (екінші және үшінші бөліктерінде), 398 (үшінші бөлігінде), 399 (бірінші және екінші бөліктерінде), 402 (бірінші бөлігінде), 407 (бірінші бөлігінде), 426 (бірінші бөлігінде), 427, 428 (бірінші бөлігінде), 430, 431-баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша анықтауды ішкі істер органдары жүргізеді. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 188 (бірінші бөлігінде), 252 (бірінші бөлігінде), 290 (бірінші бөлігінде), 345 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 348 (екінші бөлігінде), 350 (бірінші бөлігінде), 398 (үшінші бөлігінде)-баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша, егер олар күзет іс-шаралары өткізілетін аймақта жасалған және тізбесі заңда белгіленген күзетілетін адамдарға тікелей қарсы

бағытталған болса, анықтауды Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі жүргізеді. » ;

он бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 385 (бірінші және екінші бөліктерінде)-бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша анықтауды сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаған ішкі істер органдары, ұлттық қауіпсіздік органдары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, экономикалық тергеу қызметі немесе егер олар күзет іс-шаралары өткізілетін аймақта жасалған және тізбесі заңда белгіленген күзетілетін адамдарға тікелей қарсы бағытталған болса, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі жүргізеді.»;

мынадай мазмұндағы 11-1-бөлікпен толықтырылсын:

«11-1. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 394 (бірінші бөлігінде)-бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша анықтауды сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаған Қазақстан Республикасының ішкі істер немесе ұлттық қауіпсіздік органдары жүргізеді.»;

жиырма төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«24. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 385 (үшінші бөлігінде)-бабында көзделген қылмыстық теріс қылық туралы іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді ішкі істер органдары, ұлттық қауіпсіздік органдары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, экономикалық тергеу қызметі не егер ол күзет іс-шаралары өткізілетін аймақта жасалған және тізбесі заңда белгіленген күзетілетін адамдарға тікелей қарсы бағытталған болса, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі жүргізеді.» .

3. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 17, 91-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 131-құжат; 2015 ж., № 7, 33-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 8-II, 67-құжат):

70-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тыс шығарып жіберу жөніндегі заңды күшіне енген сот үкімін орындау мәжбүрлеу тәртібімен жүргізіледі.

Шығарып жіберу шығарып жіберілетін көшіп келушіні Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасына дейін шығарып салу және кіруін бес жыл мерзімге жабу арқылы жүзеге асырылады.» .

4. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 18-I, 18-II, 92-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 145, 146-құжаттар ; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 6-құжат; № 7, 33-құжат; № 8, 44, 45-құжаттар; № 9, 46-

құжат; № 10, 50-құжат; № 11, 52-құжат; № 14, 71-құжат; № 15, 78-құжат; № 16, 79-құжат; № 19-I, 101-құжат; № 19-II, 102, 103, 105-құжаттар; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 21-I, 124, 125-құжаттар; № 21-II, 130-құжат; № 21-III, 137-құжат; № 22-I, 140, 141, 143-құжаттар; № 22-II, 144, 145, 148-құжаттар; № 22-III, 149-құжат; № 22-V, 152, 156, 158-құжаттар; № 22-VI, 159-құжат; № 22-VII, 161-құжат; № 23-I, 166, 169-құжаттар; № 23-II, 172-құжат; 2016 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 9-құжат; № 6, 45-құжат; № 7-I, 49, 50-құжаттар; № 7-II, 57-құжат; № 8-I, 62, 65-құжаттар; № 8-II, 66, 67, 68, 70, 72-құжаттар; 2016 жылғы 10 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне төлемдер және төлем жүйелері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 52-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) қаруды қауіпсіз пайдалану қағидаларын білуін тексеру.»;

2) мынадай мазмұндағы 53-1-баппен толықтырылсын:

«53-1-бап. Қаруды қауіпсіз пайдалану қағидаларын білуін тексеру

Осы Кодекстің 436, 484, 485 және 486-баптарында көзделген құқық бұзушылықтарды жасаған азаматтық және қызметтік қарудың иелері және пайдаланушылары қаруды қауіпсіз пайдалану қағидаларын білуін тексеру үшін е м т и х а н та п с ы р у ғ а жі бер і л е д і.

Қаруды қауіпсіз пайдалану қағидаларын білуін тексеруге жіберу туралы қаулыны осы Кодекстің көрсетілген баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органдар (лауазымды адамдар) шығарады.»;

3) 149-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«149-бап. Террористік тұрғыдан осал объектінің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету және қауіпсіздігінің тиісті деңгейін сақтау жөніндегі міндеттерді орындамау және (немесе) тиісінше орындамау

1. Террористік тұрғыдан осал объектінің меншік иесінің, иеленушісінің не басшысының, не террористік тұрғыдан осал объекті бойынша күзет қызметін көрсету жөнінде шарт жасасқан күзет қызметі субъектісінің өзіне сеніп тапсырылған объектінің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету және қауіпсіздігінің тиісті деңгейін сақтау жөніндегі міндеттерді орындамауы және (немесе) тиісінше орындамауы – жеке тұлғаларға немесе лауазымды адамдарға – бір жүз, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – екі жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – үш жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) – үш ай мерзімге дейін қызметті немесе қызметтің жекелеген түрлерін тоқтата тұрып немесе онсыз, жеке тұлғаларға немесе лауазымды адамдарға – екі жүз, шағын

кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – үш жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бес жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

4) 191-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«191-бап. Азаматтық және қызметтік қаруды және оның патрондарын сатып алу, сақтау, есепке алу, тасымалдау және сату тәртібін бұзу

1. Тиісті лицензиясы бар заңды тұлғалардың азаматтық және қызметтік қаруды және оның патрондарын сатып алу, сақтау, есепке алу, тасымалдау және сату тәртібін бұзуы -

лицензияның қолданысы тоқтатыла тұрып, елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет – лицензиядан айыра отырып, сексен айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

5) 436-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«436-бап. Елді мекендерде атыс қаруынан, газды, пневматикалық, лақтырғыш және электр қарудан оқ ату, пиротехникалық заттар мен оларды қолданып жасалған бұйымдарды ұшыру

1. Елді мекендерде және бұл үшін бөлінбеген орындарда атыс қаруынан, газды, электр (өзін-өзі қорғау жағдайларын қоспағанда), пневматикалық және лақтырғыш қарудан оқ ату -

қару тәркілене отырып немесе онсыз, жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Жеке тұлғалардың тыныштығын, белгіленген тәртіпті бұзатын және ірі материалдық залал келтіруге әкеп соқпаған, елді мекендерде және бұл үшін бөлінбеген орындарда арнайы және қолдан жасалған пиротехникалық құрылғыларды жару - пиротехникалық құралдар мен құрылғылар тәркілене отырып, жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, он алты жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар жасаған әрекеттер – пиротехникалық құралдар мен құрылғылар тәркілене отырып, ата-анасына немесе оларды алмастыратын адамдарға ескерту жасауға немесе жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған, сол сияқты осы Кодекстің 437-бабында көзделген құқық бұзушылық үшін бір жыл ішінде әкімшілік жауаптылыққа тартылған адам жасаған әрекеттер – әкімшілік құқық бұзушылық жасау құралы не нысанасы болған зат тәркілене

отырып, отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескертпе. Одан әрі пайдалануға жарамсыз, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында азаматтық және қызметтік қару ретінде айналымға тыйым салынған қару « Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 1-тармағына сәйкес одан әрі жойылатын тәркілеуге ж а т а д ы . » ;

6) 482-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«482-бап. Жеке және заңды тұлғалардың қаруды заңсыз иеленіп алуы, беруі, өткізуі, сақтауы, алып жүруі, тасымалдауы

1. Ішкі істер органдарында тіркелмеген тегіс ұңғылы, газды қару мен олардың патрондарын, сол сияқты электрлі қаруды, үрлемелі қуаты 7,5 Джоульдан жоғары, калибрі 4,5 миллиметрден асатын пневматикалық қаруды заңсыз иеленіп алу, беру, өткізу, сақтау, алып жүру, тасымалдау –

қару тәркілене отырып, жеке тұлғаларға – жиырма, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – жиырма бес, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – отыз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – қару тәркілене отырып, жеке тұлғаларға – отыз, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – отыз бес, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескертпе. Одан әрі пайдалануға жарамсыз, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында азаматтық және қызметтік қару ретінде айналымға тыйым салынған қару « Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 1-тармағына сәйкес одан әрі жойылатын тәркілеуге ж а т а д ы . » ;

7) 484 және 485-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«484-бап. Азаматтық, қызметтік, марапаттық, коллекциялық қаруды, оның патрондарын сатып алу, беру, есепке алу, сақтау, пайдалану, тасымалдау, Қазақстан Республикасының аумағына әкелу, Қазақстан Республикасының аумағынан әкету және Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзиттеу тәртібін бұзу

1. Қаруды сақтауға, сақтауға және алып жүруге ішкі істер органдарының рұқсаты бар адамдардың азаматтық, қызметтік, марапаттық, коллекциялық қаруды, оның патрондарын сатып алу, беру, есепке алу, сақтау, пайдалану, тасымалдау, Қазақстан Республикасының аумағына әкелу, Қазақстан Республикасының аумағынан әкету және Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзиттеу тәртібін бұзуы – жеке тұлғаларға он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, заңды тұлғаларға –

жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет – жеке тұлғаларға жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, заңды тұлғаларға қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

485-бап. Жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар атыс қаруы, ұңғысыз атыс қаруын, газды қаруды, пневматикалық, лақтырғыш және электр қаруын құқыққа сыйымсыз қолдану

1. Жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар атыс қаруы, ұңғысыз атыс қаруын, газды қаруды, пневматикалық, лақтырғыш және электр қаруын құқыққа сыйымсыз қолдану, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса,

азаматтық, қызметтік қаруды, оған патрондарды сақтауға, сақтауға және алып жүруге рұқсаттың қолданылуын тоқтата тұрып, жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет – қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

8) мынадай мазмұндағы 485-1-баппен толықтырылсын:
«485-1-бап. Атыс тирлері (атыс орындары) мен стендтерін ашу және жұмыс істеу тәртібін бұзу

1. Атыс тирлері (атыс орындары) мен стендтерін ашу және жұмыс істеу тәртібін бұзу атыс тирлері (атыс орындары) мен стендтерін ашу және жұмыс істеу құқығына рұқсаттың қолданылуын тоқтата тұрып, жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұлға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет – қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұлға әкеп соғады.»;

9) 486-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«486-бап. Азаматтық, қызметтік, марапаттық, коллекциялық қаруды тіркеу (қайта тіркеу) тәртібін не оны есепке қою тәртібін бұзу

1. Азаматтық, қызметтік, марапаттық, коллекциялық қаруды тіркеу (қайта тіркеу) тәртібін не оны есепке қою қағидаларын:

1) жеке тұлғаның қаруды сатып алғаннан кейін тіркеу және оны сақтауға және (немесе) алып жүруге рұқсат алу;

2) жеке тұлғаның азаматтық қаруды сақтауға және (немесе) алып жүруге рұқсаттың қолданылу мерзімін ұзарту үшін ішкі істер органына қаруды техникалық қарап тексеру үшін және құжаттарды ұсыну;

3) қару иесінің өзіне тиесілі қарудың жоғалғаны немесе ұрланғаны туралы ішкі істер органын хабардар ету;

4) жеке тұлғаның тұрғылықты жерін өзгерткен кезде қаруды есепке қою үшін ішкі істер органдарына өтініш жасау;

5) заңды тұлғаның қызметтік, азаматтық, коллекциялық қаруды сатып алғаннан кейін оны ішкі істер органдарында тіркеу;

6) азаматтық қаруды сатып алуға ішкі істер органдарында рұқсаты бар адамдарды қайта тіркеу немесе азаматтық қару иесі қайтыс болған жағдайда қаруды комиссиялық сатуға тапсыру;

7) заңды тұлғаның ішкі істер органдарына қаруды сақтауға, сақтауға және алып жүруге рұқсаттың қолданылу мерзімі аяқталған кезде қаруды тіркеу (қайта тіркеу) үшін өтініш беру мерзімдерін бұзу, сол сияқты оны ішкі істер органдарымен келіспестен оның филиалдарына (өкілдіктеріне) беруден көрінген бұзу – жеке тұлғаларға – он бес, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – жиырма, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – отыз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет – жеке тұлғаларға – жиырма, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – отыз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жетпіс айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. » ;

10) 490-баптың үшінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Миссионерлік қызметті тіркеусіз (қайта тіркеусіз) жүзеге асыру, сол сияқты миссионерлердің және өзге де адамдардың дінтану сараптамасының оң қорытындысы жоқ діни әдебиетті, діни мазмұндағы ақпараттық материалдарды және діни мақсаттағы заттарды пайдалануы, Қазақстан Республикасында тіркелмеген діни бірлестіктердің діни ілімді тартуы – » ;

11) 492-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«492-бап. Қазақстан Республикасында тіркеусіз не жеке басты куәландыратын құжаттарсыз тұру

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының күнтізбелік он күннен бір айға дейінгі мерзімде жеке куәліксіз немесе жарамсыз жеке куәлікпен не тұрғылықты жері бойынша тіркеуден өтпей тұруы – ескерту жасауға әкеп соғады.

2. Қазақстан Республикасы азаматтарының бір айдан астам мерзімде жеке куәліксіз немесе жарамсыз жеке куәлікпен не тұрғылықты жері бойынша тіркеуден өтпей тұруы –

жеті айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет – он үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Қазақстан Республикасында шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның күнтізбелік он күннен астам мерзімде тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркеуден өтпей не тұруға ықтиярхатсыз немесе азаматтығы жоқ адамның куәлігінсіз не жарамсыз тұру ықтиярхатымен, азаматтығы жоқ адамның жарамсыз куәлігімен тұруы, сондай-ақ ішкі істер органдарын паспорттың, тұруға ықтиярхаттың не азаматтығы жоқ адам куәлігінің жоғалғаны туралы уақытылы хабардар етпеу – он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Осы баптың төртінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер – жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

1 2) 4 9 3 - б а п т а ;

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«493-бап. Тұрғынжай меншік иесінің немесе қарамағында тұрғынжайлар, ғимараттар және (немесе) үй-жайлар бар басқа да тұлғалардың оларда нақты тұрмайтын жеке тұлғаларды тіркеуге жол беруі не жеке тұлғалардың тіркеусіз тұруы не меншік иесіне тиесілі немесе басқа да тұлғалардың қарамағындағы тұрғынжайларға, ғимараттарға және (немесе) үй-жайларға тіркелген және тұрмайтын жеке тұлғаларды тіркеуден шығару жөнінде шаралар қабылдамауы»;

мынадай мазмұндағы бесінші және алтыншы бөліктермен толықтырылсын:

«5. Тұрғынжай меншік иесінің немесе қарамағында тұрғынжайлар, ғимараттар және (немесе) үй-жайлар бар басқа да тұлғалардың меншік иесіне тиесілі немесе басқа да тұлғалардың қарамағындағы тұрғынжайларда, ғимараттарда және (немесе) үй-жайларда жеке тұлғалардың тіркеусіз тұруға жол беруі – жеке тұлғаларға – он, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – он бес, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – жиырма бес, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Осы баптың бесінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет – жеке тұлғаларға – жиырма, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – отыз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

13) 496-баптың үшінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не Қазақстан Республикасынан тыс жерге әкімшілік жолмен шығарып жіберуге әкеп соғады.»;

14) 518-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«518-бап. Шетелдіктерді және азаматтығы жоқ адамдарды қабылдайтын жеке немесе заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны саласындағы заңнамасын бұзуы

1. Қабылдаушы тұлғаның шетелдіктерді және азаматтығы жоқ адамдарды уақытылы тіркеу не олардың Қазақстан Республикасында болуы не болудың белгілі бір мерзімі өткеннен кейін олардың Қазақстан Республикасынан кетуі құқығына құжаттарды ресімдеу жөнінде шаралар қолданбауы – жеке тұлғаларға – он бес, лауазымды адамға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – отыз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – қырық бес, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне алпыс айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны саласындағы заңнамасын бұза отырып, Қазақстан Республикасына келген шетелдікке немесе азаматтығы жоқ адамға тұрғынжай беру не белгіленген мерзімдерде Қазақстан Республикасынан кетуден жалтару не тіркеу кезінде көрсетілген мекенжайға нақты тұратын жерінің сәйкес келмеуі

жеке тұлғаларға – жиырма бес, лауазымды адамға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – қырық, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – елу бес, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жетпіс бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – жеке тұлғаларға – отыз, лауазымды адамға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – қырық, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – жетпіс, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны саласындағы заңнамасын бұза отырып, Қазақстан Республикасына келген шетелдікпен немесе азаматтығы жоқ адаммен визада не тіркеу кезінде көші-қон карточкасында көрсетілген мақсаттарда жүзеге асырылатын қызметке сәйкес келмейтін мәмілелер жасасуы – жеке тұлғаларға – отыз, лауазымды адамға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – қырық, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – жетпіс бес, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Осы баптың төртінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет – жеке тұлғаларға – елу, лауазымды адамға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – жүз елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл

15) 675-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«3. Жеке күзет ұйымдары қызметкерлерінің арнайы киімді заңсыз киіп жүруі (пайдалануы) – арнайы киім тәркілене отырып, жеке тұлғаларға – бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

16) 684-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мамандандырылған аудандық және оларға теңестірілген әкімшілік соттардың судьялары, осы баптың үшінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Кодекстің 73, 74, 75 (бірінші, екінші, бесінші және алтыншы бөліктерінде), 76, 77, 78, 79, 80 (төртінші бөлігінде), 81 (екінші бөлігінде), 82 (екінші бөлігінде), 82-1, 85, 86 (төртінші бөлігінде), 99, 100, 101, 102, 103, 104, 105, 106, 107, 108, 109, 110, 111, 112, 113, 114, 115, 116, 117, 118, 119, 120, 121, 122, 123, 124, 125, 126, 139 (екінші бөлігінде), 145, 149, 150, 151 (екінші бөлігінде), 153, 154, 158, 159, 160 (екінші бөлігінде), 169 (екінші, жетінші, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші және он төртінші бөліктерінде), 170 (жетінші және тоғызыншы бөліктерінде), 171, 173, 174 (екінші бөлігінде), 175, 175-1, 176, 182, 183, 184, 185, 187(екінші, үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде), 189, 190 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 191, 193 (екінші және үшінші бөліктерінде), 199 (екінші бөлігінде), 200, 211 (бірінші бөлігінде), 214, 216, 219, 233 (үшінші бөлігінде), 235, 236, 237, 239-1, 245, 246, 246-1 (бұл бұзушылықтарға квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит жүргізу кезінде жол берілгенде), 247 (алтыншы, тоғызыншы, он бірінші бөліктерінде), 251, 252 (екінші бөлігінде), 281 (төртінші, бесінші және алтыншы бөліктерінде), 282 (үшінші, төртінші, алтыншы, жетінші, тоғызыншы, он бірінші және он үшінші бөліктерінде), 283, 294 (бірінші және екінші бөліктерінде), 296 (екінші бөлігінде), 299 (екінші бөлігінде), 310, 311, 312 (екінші бөлігінде), 313, 314, 316 (екінші бөлігінде), 317 (төртінші бөлігінде), 317-1 (екінші бөлігінде), 317-2 (екінші бөлігінде), 319, 320 (бірінші, екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 326 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 333 (екінші бөлігінде), 356 (он төртінші бөлігінде), 357, 360 (бірінші бөлігінде), 382 (екінші және үшінші бөліктерінде), 383 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 385 (екінші бөлігінде), 389, 392 (үшінші бөлігінде), 395 (екінші бөлігінде), 396 (екінші бөлігінде), 397 (төртінші бөлігінде), 398, 399 (екінші және үшінші бөліктерінде), 400 (екінші бөлігінде), 401 (алтыншы және жетінші бөліктерінде), 402 (төртінші бөлігінде), 404 (тоғызыншы бөлігінде), 405 (бірінші бөлігінде), 407 (екінші және үшінші бөліктерінде), 409 (жетінші бөлігінде), 410-1, 413, 414, 415 (екінші бөлігінде), 416, 417 (бірінші және алтыншы бөліктерінде), 419 (екінші бөлігінде), 422, 423 (екінші бөлігінде), 424 (үшінші және бесінші бөліктерінде), 425 (екінші бөлігінде), 426 (екінші және үшінші бөліктерінде), 427, 433 (екінші бөлігінде), 434, 436, 439, 440 (төртінші және бесінші бөліктерінде), 443 (екінші бөлігінде), 444 (бірінші бөлігінде), 445, 445-1, 446, 449 (екінші және үшінші бөліктерінде), 450, 451, 452 (үшінші, төртінші

және алтыншы бөліктерінде), 453, 454 (екінші бөлігінде), 455 (төртінші бөлігінде), 456, 456-1, 461, 462, 463, 464 (екінші бөлігінде), 465, 467, 469 (екінші бөлігінде), 470 (екінші бөлігінде), 476, 477, 478, 479, 480, 481, 482, 483, 488, 489 (екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші және сегізінші бөліктерінде), 489-1, 490, 495 (екінші бөлігінде), 496 (екінші және үшінші бөліктерінде), 498, 506, 507, 508, 509, 512 (екінші бөлігінде), 513 (екінші бөлігінде), 514 (екінші бөлігінде), 516, 517(екінші, төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші бөліктерінде), 528 (бірінші бөлігінде), 532, 541, 543 (бірінші және үшінші бөліктерінде), 544, 545, 548 (екінші бөлігінде), 549, 550, 551 (екінші бөлігінде), 552 (екінші бөлігінде), 563 (екінші бөлігінде), 564 (бесінші бөлігінде), 569 (бірінші, екінші және төртінші бөліктерінде), 583 (екінші бөлігінде), 590 (төртінші бөлігінде), 596 (үшінші және бесінші бөліктерінде), 603 (бірінші және екінші бөліктерінде), 604 (екінші бөлігінде), 605 (екінші бөлігінде), 606 (екінші бөлігінде), 607 (екінші бөлігінде), 608, 610, 611 (екінші және үшінші бөліктерінде), 613 (бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы және он бірінші бөліктерінде), 615 (төртінші бөлігінде), 618, 621 (үшінші бөлігінде), 636 (екінші бөлігінде), 637 (сегізінші, тоғызыншы, оныншы және он үшінші бөліктерінде), 638 (екінші бөлігінде), 651, 652, 653, 654, 655, 656, 657, 658, 659, 660, 661, 662, 664, 665, 666, 667, 668, 669, 673, 674, 675, 676, 677, 678, 679, 680, 681-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.»;

17) 685-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Ішкі істер органдары осы Кодекстің 146, 147, 156, 190 (бірінші бөлігінде), 192, 196, 197, 198, 204, 230 (екінші бөлігінде) (көлік құралдарының иелері және автомобиль көлігімен және қалалық рельстік көлікпен тасымалдаушылар жасаған құқық бұзушылықтар бөлігінде), 334, 359, 364, 382 (бірінші бөлігінде), 383 (бірінші және екінші бөліктерінде), 386, 395 (бірінші бөлігінде), 396 (бірінші бөлігінде), 408, 420, 421, 423 (бірінші бөлігінде), 432, 433 (бірінші бөлігінде), 434-1, 437, 438 (бірінші және екінші бөліктерінде), 440 (бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде), 441, 442 (бірінші және екінші бөліктерінде), 443 (бірінші бөлігінде), 444 (екінші бөлігінде), 447, 449 (бірінші бөлігінде), 458, 464 (бірінші бөлігінде), 469 (бірінші бөлігінде), 470 (бірінші бөлігінде), 484, 485, 485-1, 486, 487, 489 (бірінші, тоғызыншы, оныншы және он бірінші бөліктерінде), 492, 493, 494, 495 (бірінші бөлігінде), 496 (бірінші және үшінші бөліктерінде), 505, 510, 512 (бірінші бөлігінде), 513 (бірінші бөлігінде), 514 (бірінші бөлігінде), 515, 517 (бірінші және үшінші бөліктерінде), 518, 519 (бірінші, үшінші, бесінші және алтыншы бөліктерінде), 559 (бірінші, екінші, төртінші және бесінші бөліктерінде), 560, 562, 564 (төртінші бөлігінде), 566, 572 (екінші бөлігінде), 574, 590 (бірінші, екінші, үшінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы және оныншы бөліктерінде), 591, 592, 593 (бірінші және сегізінші бөліктерінде), 594, 595, 596 (бірінші, екінші және төртінші бөліктерінде), 597, 598, 599, 600, 601, 602, 603 (үшінші бөлігінде), 604 (бірінші бөлігінде), 605 (бірінші және үшінші бөліктерінде), 606

(бірінші бөлігінде), 607 (бірінші бөлігінде), 609, 611 (бірінші бөлігінде), 612, 613 (он екінші және он үшінші бөліктерінде), 614, 615 (бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде), 617, 619, 620, 621 (бірінші, екінші, төртінші бөліктерінде), 622, 625 (автомобиль көлігіндегі бұзушылықтарды қоспағанда), 626, 630, 631, 632, 635-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.»;

18) 726-баптың бірінші және екінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Ұлттық қауіпсіздік органдары осы Кодекстің 192, 504, 518, 519-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Осы Кодекстің 192, 464 (бірінші бөлігі), 504, 518, 519-баптары бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және белгіленген әкімшілік жазаларды қолдануға Ұлттық қауіпсіздік комитеті департаментінің бастығы мен оның орынбасарлары, аумақтық органдарының басшылары мен олардың орынбасарлары қ ұ қ ы л ы . » ;

19) 804-баптың бірінші бөлігінің 1) тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) ішкі істер органдарының (73, 85, 100, 127, 128, 129, 130, 131, 132, 133, 134, 135, 149, 150, 154, 160 (екінші бөлігі), 190 (екінші, үшінші және төртінші бөліктері), 191, 200, 282 (үшінші және төртінші бөліктері), 382 (екінші және үшінші бөліктері), 383 (үшінші және төртінші бөліктері), 398, 416 (азаматтық және қызметтік қаруларға және олардың патрондарына, есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылған бұйымдардың айналымына байланысты химиялық өнімге қойылатын қауіпсіздік талаптарын бұзушылықтар бойынша), 422, 423 (екінші бөлігі), 427, 433 (екінші бөлігі), 434, 435, 436, 438 (үшінші бөлігі), 440 (төртінші және бесінші бөліктері), 442 (үшінші бөлігі), 443 (екінші бөлігі), 444 (бірінші бөлігі), 445 (бірінші және он бірінші бөліктері), 446, 448, 449 (екінші және үшінші бөліктері), 450, 453, 461, 462, 463, 469 (екінші бөлігі), 470 (екінші бөлігі), 476, 477, 478, 479, 480, 481, 482, 483, 488, 489 (екінші, үшінші және төртінші бөліктері), 495 (екінші бөлігі), 496 (екінші бөлігі), 506, 512 (екінші бөлігі), 513 (екінші бөлігі), 514 (екінші бөлігі), 517 (екінші, төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші бөліктері), 590 (төртінші бөлігі), 596 (үшінші және бесінші бөліктері), 603 (бірінші және екінші бөліктері), 604 (екінші бөлігі), 605 (үшінші және төртінші бөліктері), 606 (екінші бөлігі), 607 (екінші бөлігі), 608, 610, 611 (екінші және үшінші бөліктері), 613 (бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы және он бірінші бөліктері), 615 (төртінші бөлігі), 621 (үшінші бөлігі), 654 (590, 591, 592, 593, 594, 595, 596, 597, 598, 599, 600, 601, 602, 603, 604, 605, 606, 607, 608, 609, 610, 611, 612, 613-баптарда көзделген құқық бұзушылықтар бөлігінде), 662, 663, 665, 669, 674, 675-баптар) ; » .

5. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 20-II, № 20-III, 112-күжат; 2016 ж., № 1, 4-күжат; № 6, 95-күжат; № 7-II, 55-күжат; № 8-I, 62, 65-күжаттар;

№ 8-II, № 72-құжат; 2016 жылғы 10 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне төлемдер және төлем жүйелері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы) :

1) 140-баптың 3-тармағында :

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«12) осы Кодекстің 133-бабының талаптары және ішкі істер органдары жүргізетін жедел-профилактикалық іс-шаралары шеңберінде жарылғыш заттардың, есірткінің, психотроптық заттар мен прекурсорлардың, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданыла отырып жасалған бұйымдардың заңды айналымы саласында заңнама талаптарының сақталуына;»;

мынадай мазмұндағы 12-1) тармақшамен толықтырылсын:

«12-1) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы саласындағы заңнаманың талаптарын сақтауға;»;

2) 147-бап мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

«7. Ішкі істер органдарының азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымын мемлекеттік бақылау саласында жүзеге асыратын тексеруді жүргізу тәртібінің ерекшеліктері қарудың жекелеген түрлерінің айналымын мемлекеттік бақылау саласындағы заңнамада айқындалады.».

6. «Жедел-іздістіру қызметі туралы» 1994 жылғы 15 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., № 13-14, 199-құжат; 1995 ж., № 24, 167-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 14, 275-құжат; 1998 ж., № 24, 436-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 8, 53-құжат; № 17-18, 245-құжат; 2002 ж., № 4, 32-құжат; № 15, 147-құжат; № 17, 155-құжат; 2004 ж., № 18, 106-құжат; № 23, 142-құжат; № 24, 154-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2009 ж., № 6-7, 32-құжат; № 17, 83-құжат; № 24, 121-құжат; 2010 ж., № 10, 48-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; № 20, 158-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; 2013 ж., № 1, 2-құжат; 2014 ж., № 7, 33-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 21, 118, 122-құжаттар):

12-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Тек қана Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында барлау және қарсы барлау ақпаратын алу, шет мемлекеттердің, шетелдік ұйымдардың арнаулы қызметтерінің және жекелеген адамдардың барлау-нұқсан келтіру мақсатындағы қолсұғушылықтарын анықтау, олардың алдын алу және жолын кесу, экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі қарсы барлау шараларын қамтамасыз ету, сондай-ақ күзетілетін адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ақпарат алу үшін арнаулы жедел-іздістіру іс-шаралары Қазақстан Республикасының Бас Прокурорымен келісілген тәртіппен жүзеге асырылуы мүмкін.».

7. «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» 1995 жылғы 19 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 9-10, 68-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 12, 184-құжат; 2001 ж., № 8, 50, 54-құжаттар; № 21-22, 285-құжат; 2006 ж., № 5-6, 31-құжат; 2007 ж., № 3, 23-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 17, 82-құжат; № 24, 122-құжат; 2011 ж., № 16, 128-құжат; 2013 ж., № 2, 10-құжат; № 9, 51-құжат; № 23-24, 116-құжат; 2014 ж., № 14, 84-құжат; № 21, 118-құжат; 2015 ж., № 22 - V , 158 - құжат) :

28-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Шығарып жіберу туралы шешімді сот қабылдайды. Шетелдік осы шешімде көрсетілген мерзімде Қазақстан Республикасынан кетуге міндетті. Мұндай жағдайда Қазақстан Республикасынан шығарып жіберу туралы сот шешімінің орындалуы Қазақстан Республикасынан шығарып жіберілетін адамға бақылау жасалына отырып, өз бетімен кетуі немесе мәжбүрлеп шығарып жіберу арқылы жүргізіледі. Егер өзіне қатысты шығарып жіберу туралы шешім қабылданған адам шешімде көрсетілген мерзімде Қазақстан Республикасының аумағынан кетпесе, ол прокурордың санкциясы бойынша ұсталуға және мәжбүрлеу тәртібімен шығарып жіберілуге тиіс. Бұл орайда, шығарып жіберу үшін қажет болатын мерзімге ұстауға жол беріледі. Ол Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен ішкі істер органдарының арнаулы мекемелерінде орналастырылады.».

8. «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 24, 157-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 10, 108-құжат; № 12, 184-құжат; 1998 ж., № 23, 416-құжат; № 24, 436-құжат; 1999 ж., № 8, 233-құжат; № 23, 920-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 20, 257-құжат; 2002 ж., № 6, 72-құжат; № 17, 155-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 7, 32-құжат; № 10, 48-құжат; 2011 ж., № 1, 3, 7-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; № 8, 63-құжат; 2013 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 10-құжат; № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 33-құжат; № 11, 61-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 21, 118-құжат; 2015 ж., № 21- III, 135-құжат; № 22 - V , 154 , 156 - құжаттар) :

13-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) өздерінің іс-қимылдарымен қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігіне қатер төндіретін немесе нұқсан келтіретін шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасына жібермеу және одан шығарып жіберу жөніндегі мәселелерді дербес және құзыретті мемлекеттік органдармен бірлесіп шешу;».

9. «Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж.,

№ 8, 84-құжат; 1999 ж., № 13, 431-құжат; № 23, 921-құжат; 2001 ж., № 15-16, 228-құжат ; 2002 ж., № 6, 71-құжат; 2003 ж., № 11, 67-құжат; 2004 ж., 14, 82-құжат; № 17, 101-құжат; № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 16, 103-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 15, 106, 108-құжаттар; № 18, 143-құжат; 2009 ж., № 11-12, 54-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 122-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 52-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 10, 86-құжат; № 11, 102-құжат; № 16, 128, 129-құжаттар; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 21-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 41-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 77-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 14, 84, 86-құжаттар; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 144-құжат; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-V, 154, 158-құжаттар; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 8-I, 65-құжат; 2016 жылғы 10 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне төлемдер және төлем жүйелері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 2-баптың 45) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«45) уақытша тұрғындар – жалдаушы (тұрғынжайдың меншік иесі немесе қарамағында тұрғынжайлар, тұрғын емес үй-жайы бар адам, тұрғын үй кооперативінің мүшесі) олардан тұрғынжайды, тұрғын емес үй-жайды пайдаланғаны үшін ақы алмай, тұрғынжайда, тұрғын емес үй-жайда уақытша тұру құқығын берген азаматтар;»;

2) 4-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

«4. Қарамағында тұрғынжай, тұрғын емес үй-жайы бар меншік иесі немесе басқа да адамдар онда тұрып жатқан адамдарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркеуге міндетті.»;

3) 18-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

«4. Тұрғынжайды Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетелдіктерге, және (немесе) азаматтығы жоқ адамдарға тұруға пайдалануға берген меншік иелері мұндай адамдарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркеуге м і н д е т т і . » ;

4) 37-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

«4. Тұрғын емес үй-жайларды Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетел азаматтарына және (немесе) азаматтығы жоқ адамдарға тұруға пайдалануға берген меншік иелері оларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркеуге міндетті.».

10. «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» 1998 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 14, 200-құжат; № 22, 308-құжат; № 24, 443-құжат; 2001 ж., № 13-14, 173, 176-құжаттар; № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 24, 178-құжат; 2004 ж., № 14, 84-құжат; № 23, 142-құжат; 2011 ж., № 5, 43-құжат; № 13, 114-құжат; 2016 ж., № 8-I, 62-

қ ұ ж а т) :

1) 3-баптың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«8) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада көші-қон процестерін реттеудің типтік қағидаларына сәйкес Алматы қаласының аумағындағы көші-қон процестерін реттеудің қағидаларын бекітуге;»;

2) 4-бап мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

«9) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада көші-қон процестерін реттеудің типтік қағидаларына сәйкес Алматы қаласының аумағындағы көші-қон процестерін реттеудің қағидаларын өзiрлейдi.».

11. «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» 1998 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 24, 448-құжат; 2002 ж., № 4, 34-құжат; 2004 ж., № 23, 140, 142-құжаттар; 2006 ж., № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 19, 150-құжат; № 20, 152-құжат; 2010 ж., № 8, 41-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2013 ж., № 12, 57-құжат; 2014 ж., № 8, 49-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 21, 122-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат):

1) 7 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы 13-1) және 13-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«13-1) калибрі «338 Lapua» асатын ұзын ұңғылы ойықты атыс қаруының; 13-2) калибрі «338 Lapua» асатын ұзын ұңғылы ойықты атыс қаруына патрондардың;»

2-тармақ мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

«6-1) басқа адамға қаруды беруге;»;

2) 15-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) аңшылық атыс қаруы: ойық ұңғылысы – екі бірліктен; тегіс ұңғылысы – екі бірліктен;»;

3) 16-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

«5-1) бес жылда бір рет қару айналымына бақылау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын ұйымдарда қаруды ұстау қауіпсіздігі қағидаларын білетініне тексерістен өтуге;»;

4) 17-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қару пайдаланушылар - жеке тұлғалар заңнамаға сәйкес:

1) ішкі істер органдары қызметкерлерінің талап етуі бойынша тексеру үшін қолда бар қаруды, оның патрондарын және олар сақталатын орындарды, сондай-ақ оларды ұстау ережелерінің сақталуын бақылау мақсатында қажетті құжаттаманы көрсетуге;

2) бес жылда бір рет қару айналымына бақылау саласындағы уәкілетті орган

айқындайтын ұйымдарда қаруды ұстау қауіпсіздігі қағидаларын білетініне тексерістен өтуге міндетті.»;

5) 19 - бапта:

1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Ішкі істер органдары, егер адамның:

1) тұрақты тұрғылықты жері болмаған;

2) қаруды сақтау үшін тиісті жағдайлары болмаған жағдайларда, азаматтық, қызметтік және марапаттық қару айналымы саласындағы бірінші және екінші санаттағы рұқсатты тоқтата тұрады.»;

4 - тармақта:

4) және 5) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«4) бір жыл ішінде Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 127,128, 131, 382, 434, 436, 437, 438, 440, 442, 443, 444, 448, 450, 453, 462, 476, 477, 478, 481, 482, 484, 485, 485-1, 486, 487, 489, 490, 492, 493, 505, 506-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық қайталап жасалған;

5) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 109, 287 (бірінші бөлігінде), 288 (төртінші бөлігінде), 289, 296 (бірінші бөлігінде), 337 (бірінші және екінші бөліктерінде), 346 (бірінші бөлігінде), 379 (бірінші бөлігінде), 389 (бірінші және екінші бөліктерінде)-баптарында көзделген қылмыстық теріс қылық және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 73, 436, 453 және 461-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасалған;»;

мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

«8-1) азаматтық және қызметтік қарудың иесін немесе пайдаланушысын қаруды ұстау қауіпсіздігі қағидаларын білетініне тексеріске жіберу туралы қаулыны алған күннен бастап екі ай ішінде қаруды ұстау қауіпсіздігі қағидаларын білетініне тексеру үшін емтихан тапсырмаған;»;

б) 22-баптың 3 және 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қарудың аталған түрін сатып алуға рұқсатын көрсетпеген заңды және жеке тұлғаларға қарумен сауда жасауға, сондай-ақ нөмірсіз және таңбасыз қару не азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы саласындағы техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестік белгісі жоқ патрондар сатуға тыйым салынады.

Азаматтық және қызметтік қарумен, оның патрондарымен сауда жасау күзет іс-шараларын жүргізуге қажетті мерзімге Мемлекеттік күзет қызметінің талабы бойынша тоқтатылуы мүмкін.

4. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатумен айналысатын заңды тұлғаның осы қару түрлерін әзірлеу, өндіру, жөндеу, иемденіп алу, экспонаттау, әкелу және әкету, оның қосалқы бөлшектерін, спорт тауарларын, аң және балық аулау құрал-жабдықтарын, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған тұрмыстық мақсаттағы бұйымдарды иемденіп алу, әкелу, әкету және сату жөніндегі,

сондай-ақ атыс тирлерін, стендтер мен атыс орындарын ашу және олардың жұмыс істеуі жөніндегі қызметті қоспағанда, өзге кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқығы жоқ.

Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатуға лицензиялары бар заңды тұлғаларға:

1) бір сауда залында қаруды, патрондарды және олардың бөлшектерін спорттық, аң және балық аулау құрал-жабдықтарын қатар сатуына;

2) тұрғын үйде, спорттық, ойын-сауық, транспорттар объектілерінің, білім, денсаулық сақтау ұйымдарының, қонақ үйлердің, рыноктардың, қоғамдық тамақтану объектілерінің, сауда-сауықтыру орталықтарының, сауда орталықтырының және сауда үйлерінің аумақтарында қаруды және оның патрондарын сақтау және сату үшін ұй-жайды орналастыруға;

3) атуға дайын күйдегі қаруды сауда залына қоюға тыйым салынады.»;

7) 27-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын: «Атуға дайын күйдегі азаматтық және қызметтік қаруды экспонаттауға тыйым салынады.»;

8) 30-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«30-бап. Қару айналымына мемлекеттік бақылау жасау

1. Қазақстан Республикасы аумағында азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымына мемлекеттік бақылау жасауды ішкі істер органдары жүзеге асырады.

Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қару-жарағындағы қару айналымына мемлекеттік бақылау жасауды аталған органдардың басшылары Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырады.

2. Азаматтық және қызметтік қару айналымына мемлекеттік бақылау жасауды жүзеге асыруға уәкілетті органдардың лауазымды адамдарының:

1) қаруды ол әзірленген, өндірілген, жөнделген, сатылған, коллекцияланған, экспонатталған, сақталған, пайдаланылған және жойылған жерлерде қарап тексеруді жүргізуге;

2) осы Заң күшіне енгізілгенге дейін иемденіп алынған және заңды негіздерде иеленушілердің қолындағы қаруды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында айналымына тыйым салынған қаруды белгіленген тәртіппен тегін алып қоюға және жоюға;

3) заңды және жеке тұлғалардан азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымына байланысты құжаттарды табыс етуді талап етуге;

4) белгіленген қағидаларды бұзушылықтар анықталған кезде осы бұзушылықтарды жою туралы заңды және жеке тұлғалардың орындауы үшін міндетті нұсқамалар беруге;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де шараларды

қ о л д а н у ғ а ;

б) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сақтау, техникалық нығайтылу жағдайларының талаптарын бұзушылықтар анықталған кезде сақтауда тұрған қару мен патрондарды анықталған бұзушылықтарды жойғанға дейін алып қойып, ішкі істер органдарына жауапты сақтауға беруге;

7) мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру барысында тосын сипаттағы, оның ішінде жұмыстан тыс уақытта қаруды және патрондарды сақтау шарттарына үй-жайлар мен қару бөлмелерін күзету бойынша талаптарды сақтау нысанасына тексеру жүргізуге қ ұ қ ы ғ ы б а р .

3. Азаматтық және қызметтік қару айналымына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға уәкілетті органдардың лауазымды адамдары азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сақтауға, сақтауға және алып жүруге рұқсаты бар азаматтық тұлғаларды тоқсанына кемінде бір реттен, азаматтық қару иелерін – жылына кемінде бір реттен тексеруге міндетті.

4. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының аумағында тексерілетін субъектілердің (объектілердің) тәуекел деңгейін бағалау, тексеру парақтарын жасау, құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органда тексеру тағайындау туралы актілерді тіркеу, тексеруді жүргізуді бастау туралы тексерілетін субъектінің хабарламасы негізінде топтарға бөлу талап етілмейді.

5. Азаматтық және қызметтік қару айналымына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға уәкілетті органдардың лауазымды адамдары ведомстволық есепті жүргізуге және тексеру тағайындау және оның нәтижесі туралы актілерді жасауға міндетті.»

12. «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 19, 649-құжат; 2002 ж., № 4, 32-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2009 ж., № 15-16, 71-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 7, 32-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; 2013 ж., № 1, 2-құжат; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат; № 11, 61-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 118, 122-құжаттар; 2015 ж., № 1, 2 - құ ж а т ; № 22 - I , 140 - құ ж а т) :

10 - 3 - б а п т а :

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«10-3-бап. Меншік нысанына қарамастан, террористік тұрғыдан осал объектілер меншік иелерінің, иеленушілердің, басшыларының немесе өзге де лауазымды адамдарының міндеттері»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Меншік нысанына қарамастан, террористік тұрғыдан осал объектілердің меншік иелері, иеленушілері, басшылары, немесе өзге де лауазымды адамдары террористік іс-әрекеттің алдын алу, сондай-ақ объектілердің терроризмге қарсы қорғалуы және

олардың қауіпсіздігінің тиісті деңгейін сақтау мақсатында:

- 1) тиісті өткізу режимін, объектілерге қойылатын талаптарға сәйкес оларды қазіргі заманғы инженерлік-техникалық күзет жабдықтарымен жарақтауды қамтамасыз ету;
- 2) типтік паспорттың негізінде – өздеріне сеніп тапсырылған объектілердің терроризмге қарсы қорғалуы паспортын әзірлеу;
- 3) персоналды үй-жайларды қарап тексеру техникасына үйрету, жарылғыш құрылғылардың орнатылуы мүмкін орындарын анықтау бойынша профилактикалық және оқу-жаттығу іс-шараларын өткізу;
- 4) жасалған терроризм актісінің салдарынан туындаған техногендік сипаттағы қатерлерді жою бойынша мүдделі мемлекеттік органдармен және ұйымдармен бірлескен іс-қимылдарды жоспарлау мен пысықтау;
- 5) объектінің ақпараттық желілерін қорғауды, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларды іске асыруға міндетті.

Тиісті өткізу режимін қамтамасыз ету, өз персоналын үй-жайларды қарап тексеру техникасына үйрету, жарылғыш құрылғылардың орнатылуы мүмкін орындарын анықтау бойынша профилактикалық және оқу-жаттығу іс-шараларын өткізу, терроризмге қарсы қорғалу техникалық құралдарын тиісінше пайдалану жөніндегі міндеттерді террористік тұрғыдан осал объектілердің меншік иелерімен, иеленушілерімен, басшыларымен күзет қызметін көрсету бойынша шарт жасасқан күзет қызметінің субъектілері де орындайды.

Терроризм актісі жасалған жағдайда меншік нысанына қарамастан, террористік тұрғыдан осал объектілердің басшылары және (немесе) қызметкерлері жасалған терроризм актісі туралы Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына немесе ішкі істер органдарына дереу хабарлауға және персоналды эвакуациялауды қамтамасыз етуге міндетті.».

13. «Күзет қызметі туралы» 2000 жылғы 19 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 14-15, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 34-құжат; № 17, 155-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 8, 52-құжат; 2008 ж., № 12, 51-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 122-құжат; 2010 ж., № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 1, 2-құжат; 2014 ж., № 8, 49-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-ІІ, 96-құжат; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-ІV, 113-құжат):

- 1) 10-баптың 6-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«4) «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің 149, 434, 436, 438, 439, 440, 443, 450, 453, 462, 463, 464, 467, 469, 470, 476, 477, 478, 479, 481, 482, 483, 484, 485, 486, 487, 488, 489, 490, 494, 495, 496, 504, 506, 653, 654, 658, 659, 665, 667, 669, 670, 673, 675-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін бұрын, күзет ұйымының басшысы немесе күзетшісі болып жұмысқа

қабылданғанға дейін бір жыл ішінде әкімшілік жауапкершілікке тартылған;»;

2) 13-1-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) аумағында қару, оқ-дәрілер және жарылғыш заттары бар күзетілетін объектілерден күзет сигнализациясы қосылғаны туралы ішкі істер органдарына тез арада хабарлауға;»;

3) 14-баптың бірінші бөлігінің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) заңды және жеке тұлғалардың объектісін және (немесе) мүлкін, оның ішінде оны тасымалдау кезінде күзету;»;

4) 23-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«23-бап. Күзет қызметімен, мамандандырылған оқу орталықтары қызметімен, сондай-ақ күзет дабылы құралдарын монтаждаумен, ретке келтірумен және техникалық қызмет көрсетумен айналысатын субъектілердің жауапкершілігі

Осы Заңда көзделмеген күзет ұйымдарын, мамандандырылған оқу орталықтарын, сондай-ақ күзет дабылы құралдарын монтаждауды, ретке келтіруді және техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын ұйымдарды құру немесе олардың қызметі, сондай-ақ оларды тиісті рұқсаттарды алмастан немесе осы Заңда белгіленген тәртіпті бұза отырып қызметтің осы түрлерін жүзеге асыру Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.».

14. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 3, 17-құжат; № 9, 86-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 10, 103-құжат; 2004 ж., № 10, 56-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 142-құжат; № 24, 144-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 13, 86, 87-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 99-құжат; № 18, 113-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 14-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 17, 139-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114, 124-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 9-құжат; № 24, 133-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 3, 7-құжаттар; № 2, 28-құжат; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 2, 11-құжат; № 3, 21-құжат; № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 92-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 81-құжат; № 20, 113-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 3, 21-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 49-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 67-құжат; № 12, 82-құжат; № 14, 84, 86-құжаттар; № 19-II, 94, 96-құжаттар; № 21, 118, 122-құжаттар; № 22, 131-құжат; 2015 ж., № 9, 46-құжат; № 19-I, 101-құжат; № 19-II, 103-құжат; № 21-I, 121, 124, 125-құжаттар; № 21-II, 130, 132-құжаттар; № 22-I, 140-құжат; № 22-V, 154, 156, 158-құжаттар; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-1, 47-49-құжаттар; № 8-II, 72 - құжат) :

1) 6-бап мынадай мазмұндағы 2-6-тармақпен толықтырылсын:

«2-6. Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана мәслихаттарының құзыретіне Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада көші-қон процестерін реттеудің үлгі қағидаларына сәйкес облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада көші-қон процестерін реттеудің қағидаларын бекіту жатады.»;

2) 27-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 1-15) тармақшамен толықтырылсын:

«1-15) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада көші-қон процестерін реттеудің үлгі қағидаларына сәйкес облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада көші-қон процестерін реттеудің қағидаларын әзірлейді;».

15. «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» 2001 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 13-14, 175-құжат; 2002 ж., № 4, 33-құжат; 2003 ж., № 23, 168-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 17, 139-құжат; 2008 ж., № 13-14, 57-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 22-II, 144-қ ұ ж а т) :

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшасымен толықтырылсын:

«2-1) діни туризм – уақытша келген елде (жерде) діни салттарды жолдау мақсатында жасалатын туризмнің түрі;»;

2) 15-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын;

«5. Діни туризм саласында туроператорлық қызмет уәкілетті органның келісімі бойынша діни қызмет саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады.» .

16. «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» 2003 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 24, 176-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; 2009 ж., № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат; № 11, 102-құжат; № 23, 178-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 11, 61-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 21, 118-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 22-V, 156-құжат; 2016 ж., № 7-I, 50-құжат):

1) 16-1-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органның, құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың қызметкерлеріне мемлекеттік, өзге де органдар мен ұйымдардың ақпараттық жүйелерінен электрондық ақпараттық ресурстарды беруге арналған, электрондық ақпараттық ресурстарды тек қана олардың осы Заңға сәйкес өз қызметін жүзеге асыру шеңберіндегі сұрау салулары бойынша алуына мүмкіндік

беретін, құпия ақпараттық жүйе құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесі болып табылады.»;

2) 16-2-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

«5. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл үшін қажет ақпаратты қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органның, құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесінен алу тәртібі мен негіздері Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының және қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органның бірлескен нормативтік құқықтық актілерінде айқындалады.».

17. «Байланыс туралы» 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 14, 81-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 20, 89-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 121-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146, 150-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 3, 25-құжат; № 8, 63, 64-құжаттар; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 12, 57-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 44, 49-құжаттар; № 10, 52-құжат; № 14, 87-құжат; № 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 22-I, 141-құжат; № 22-V, 156-құжат; 2016 ж., № 8-I, 65-құжат; № 8 - I I , 6 7 - қ ұ ж а т) :

1) 8 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы :

мынадай мазмұндағы 8-8) тармақшамен толықтырылсын:

«8-8) жылжымалы желідегі абоненттік құрылғыларын тіркеу қағидаларын бекіту;»

мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:

11-1) тіркелмеген ұялы байланыс абоненттік нөмірлерді анықтау мақсатында қызметтік ақпаратқа (абоненттік нөмір, тегі, аты, болған жағдайда әкесінің аты, заңды тұлғаның атауы) қол жеткізу Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады;» ;

2) 9-1-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 5-4) тармақшамен толықтырылсын:

«5-4) жылжымалы желінің абоненттік құрылғыларын идентификаттау кодтарының бірыңғай дерекқорын қалыптастыруды, жұмыс істеуін, қолдап отыруды және дамытуды қамтамасыз етуді және оның ресурстарына қолжетімділік беруді;»;

3) 15 - б а п т а :

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«15-бап. Байланыс операторларының, абоненттік нөмірлердің орталықтандырылған дерекқоры операторының, жылжымалы желінің абоненттік құрылғыларын идентификаттау кодтарының бірыңғай дерекқоры операторының жедел-іздігі қызметін жүзеге асыратын органдармен өзара іс-қимылы;»;

мынадай мазмұндағы 2-2-тармақпен толықтырылсын:

«2-2. Жылжымалы желінің абоненттік құрылғыларын идентификаттау кодтарының бірыңғай дерекқорының операторы байланыс желілерінде жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын органдарға жылжымалы желінің абоненттік құрылғыларын тіркеу қағидаларына сәйкес жылжымалы желінің абоненттік құрылғыларын идентификаттау кодтарының бірыңғай дерекқорына қолжетімділік беруге міндетті.»;

4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Байланыс операторларының, абоненттік нөмірлердің орталықтандырылған дерекқоры операторының, жылжымалы желінің абоненттік құрылғыларын идентификаттау кодтарының бірыңғай дерекқоры операторының жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын органдармен өзара қарым-қатынастары осы Заңға және Қазақстан Республикасының жедел-ізвестіру қызметі туралы заңнамасына сәйкес р е т т е л е д і .

5. Ұялы байланыс операторлары жылжымалы желінің абоненттік құрылғыларын тіркеу қағидаларына сәйкес, абоненттік құрылғы иесінің өтініші бойынша өз желісіндегі абоненттік құрылғының жұмысын идентификаттау коды бойынша тоқтата тұруға не оны қайта бастауға міндетті.»;

4) 36-баптың 4-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Байланыс операторынан қызметтік ақпарат алуға пайдаланушының келісімімен ғана және осы Заңның 8-бабы 1-тармағының 11-1) тармақшасында және 15-бабында көзделген жағдайларда рұқсат етіледі.»;

5) мынадай мазмұндағы 36-2-баппен толықтырылсын:

«36-2-бап. Жылжымалы желінің абоненттік құрылғыларын тіркеу

1. Қазақстан Республикасының аумағында жылжымалы желі абоненттік құрылғыларының идентификаттау коды жылжымалы желінің абоненттік құрылғыларын идентификаттау кодтарының бірыңғай дерекқорына енгізіледі.

2. Жылжымалы желінің абоненттік құрылғыларын өзгерген кодтарымен, сондай-ақ жылжымалы желі абоненттік құрылғыларының идентификаттау кодтарын өзгертуге арналған және (немесе) пайдаланылатын бағдарламалық қамтамасыз ету мен жабдықты әкелуге, өндіруге, таратуға және пайдалануға тыйым салынады. Адал сатып алушылар пайдаланатын жылжымалы желінің абоненттік құрылғысы ерекшелікке ие.

3. Ұялы байланыс операторына ұялы байланыстың абоненттік құрылғыларын тіркеу қағидаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, тіркелмеген жылжымалы желінің абоненттік құрылғылары бойынша қызмет көрсетуге тыйым салынады.

4. Жылжымалы желінің абоненттік құрылғыларын идентификаттау кодтарының бірыңғай дерекқорында жылжымалы желінің абоненттік құрылғыларын тіркеу тәртібі, сондай-ақ жылжымалы желінің абоненттік құрылғыларын идентификаттау кодтарының бірыңғай дерекқорының жұмыс істеуі және (немесе) жүргізілуі және жылжымалы желінің абоненттік құрылғыларын идентификаттау кодтарының бірыңғай дерекқорына ұялы байланыс операторларына оның қызмет жасауын қамтамасыз ету мақсатында

қолжетімділікті беру жылжымалы желінің абоненттік құрылғыларын тіркеу қағидаларымен белгіленеді.

5. Ұялы байланыс операторлары жылжымалы желінің абоненттік құрылғыларын идентификаттау кодтары бірыңғай дерекқорының операторына ұялы байланыстың абоненттік құрылғыларын тіркеу қағидаларымен белгіленетін тәртіппен жылжымалы желінің абоненттік құрылғыларын идентификаттау кодтарының тізілімінен мәліметтердің берілуін қамтамасыз етуге міндетті.

6. Ұялы байланыс операторлары желілерді, ақпараттық жүйелерді және бағдарламалық қамтамасыз етуді жаңғыртуға барлық шығындарды дербес көтереді.»;

6) 4 1 - 1 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Байланыс желілері және (немесе) құралдары жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің мүдделеріне нұқсан келтіретін қылмыстық мақсаттарда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңнамасын бұзатын, экстремистік және террористік әрекетті жүзеге асыруға, жаппай тәртіпсіздіктерге, сол сияқты белгіленген тәртіпті бұза отырып өткізілетін бұқаралық (жария) іс-шараларға қатысуға шақыруды қамтитын ақпаратты тарату үшін пайдаланылған жағдайларда, Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры немесе оның орынбасарлары уәкілетті органға байланыс желілерінің және (немесе) құралдарының жұмысын, байланыс қызметтерінің көрсетілуін, интернет-ресурстарға және (немесе) оларда орналастырылған ақпаратқа қолжетімділікті уақытша тоқтата тұру жөніндегі шараларды қабылдау туралы талаппен заң бұзушылықтарын жою туралы, осы баптың 8-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, ұйғарым енгізеді.»;

мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

«8. Кейінге қалдыруға болмайтын және ауыр және аса ауыр қылмыстардың, сондай-ақ қылмыстық топ дайындайтын және жасайтын қылмыстардың жасалуына әкеп соғуы мүмкін жағдайларда, жедел-ізвестіру қызметінің барлық субъектілерінің мүддесінде байланыс желісінде жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын орган байланыс желілерінің және (немесе) құралдарының жұмысын, байланыс қызметтерінің көрсетілуін, интернет-ресурстарға және (немесе) оларда орналастырылған ақпаратқа қолжетімділікті байланыс саласындағы уәкілетті органды және Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасын 24 сағат ішінде хабардар ете отырып, тоқтатуға қ ұ қ ы л ы . » .

18. «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 16, 128-құжат; 2010 ж., № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 21, 122-құжат; 2015 ж., № 9, 46-құжат; № 19-I, 99-құжат; № 19-II, 103-құжат):

1) 8-баптың 3) тармақшасы мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен

т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада көші-қон процестерін реттеудің үлгі қағидаларына сәйкес астана аумағында көші-қон процестерін реттеудің қағидаларын бекітеді;»;

2) 9-бап мынадай мазмұндағы 37) тармақшамен толықтырылсын:

«37) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада көші-қон процестерін реттеудің үлгі қағидаларына сәйкес астанада көші-қон процестерін реттеудің қағидаларын әзірлейді.»

19. «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 19, 87-құжат; 2010 ж., № 7, 32-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 10, 77-құжат; № 13, 91-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; 2014 ж., № 11, 61-құжат; № 14, 84-құжат; № 21, 118, 122-құжаттар; 2015 ж., № 16, 79-құжат; № 22-I, 140-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; 2016 жылғы 10 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне төлемдер және төлем жүйелері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Р е с п у б л и к а с ы н ы ң З а ң ы) :

1) 4-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

«5. Қаржы мониторингіне клиенттің қылмыстық кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың) және терроризмді қаржыландырудың типологияларына, схемаларына және тәсілдеріне сәйкес келетін сипаттамалары бар операциялары жатады.

Қылмыстық кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың) және терроризмді қаржыландырудың типологияларын, схемаларын және тәсілдерін уәкілетті орган бекітеді және уәкілетті органның ресми интернет-ресурсына орналастыру арқылы қаржы мониторингі субъектілеріне хабарланады.»;

2) 10-баптың 2-тармағы екінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«Осы Заңның 4-бабының 1, 2 және 5-тармақтарында көзделген қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер мен ақпарат құжаттай тіркеледі және қаржы мониторингі субъектілері оларды уәкілетті органға қазақ немесе о р ы с т і л і н д е ұ с ы н а д ы : » ;

3) 11-баптың 3-тармағының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Ішкі бақылау қағидаларын іске асыруға және сақтауға жауапты қаржы мониторингі субъектілерінің қызметкерлеріне қойылатын талаптарды қоса алғанда, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылауды ұйымдастыру б а ғ д а р л а м а с ы н ; » ;

4) 16-бап мынадай мазмұндағы 5-1 және 5-2) тармақшалармен толықтырылсын:

5-1) жеке және заңды тұлғалардың қызметі қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырумен (жылыстатумен) және терроризмді қаржыландырумен байланысты деп пайымдауға негіздер болған кезде ақпаратты құзыретіне сәйкес құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарға жібереді;

5-2) осы Заңға сәйкес берілген ақпарат бойынша құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;»;

5) 17-баптың 7) тармақшасындағы «тәртібін айқындауға құқылы.» деген сөздер «тәртібін айқындауға;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

«7-1) өз өкілеттіктері шегінде Қазақстан Республикасының құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарының және өзге де мемлекеттік органдарының үйлестіру кеңестеріне, ведомствоаралық комиссияларына, жұмыс және сараптама топтарына қатысуға құқылы;».

20. «Халықтың көші-қоны туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 16, 127-құжат; 2012 ж., № 5, 41-құжат; № 8, 64-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 21-22, 114-құжат; № 23-24, 116-құжат; 2014 ж., № 11, 64-құжат; № 16, 90-құжат; № 21, 118-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 19-II, 102-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-V, 154, 158-құжаттар; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 7-1, 49-құжат):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 29) тармақшамен толықтырылсын:

«29) уақытша болу орны – ішкі көші-қонушының тұрғылықты жері болып табылмайтын, өзі уақытша тұратын (болатын) мекенжайы бар үй-жай не тұрғын үй-жай ; » ;

2) 7 - бапта :

2-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2-1) Қазақстан Республикасына туризм, емделу, жастардың, студенттермен мектептердің алмасу бағдарламаларына қатысу, гуманитарлық көмекті көрсету, келіссөздер жүргізу, шарттар жасасу (инвесторлық, іскерлік), аудиторлық және консультациялық қызметтер көрсету мақсаттарымен, сондай-ақ іссапарға келген;»;

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

«6-1) Қазақстан Республикасының аумағында тыйым салынған ұйымдардың, бірлестіктердің мүшелері болып табылатын;»;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«7) Қазақстан Республикасының аумағында қайырымдылық, волонтерлік, діни және (немесе) миссионерлік қызметті жүзеге асыру мақсатында болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар өтініш бере алмайды;»;

3) 8-бап мынадай мазмұндағы 7-2) тармақшамен толықтырылсын:

«7-2) облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада көші-қон

процестерін реттеудің үлгі қағидаларын бекітеді;»;

4) 9-бап мынадай мазмұндағы 6-1) және 6-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«6-1) өздеріне қатысты шығарып жіберу туралы сот актісі шығарылған көшіп келушілердің Қазақстан Республикасының шегінен уақтылы кетуін бақылайды;

6-2) облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада көші-қон процестерін реттеудің үлгі қағидаларын әзірлейді;»;

5) 14-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«14-бап. Ұлттық қауіпсіздік органының құзыреті

Ұлттық қауіпсіздік органы:

1) өз құзыреті шегінде халықтың көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың келуі мен кетуін есепке алудың бірыңғай дерекқорын қалыптастырады, мәліметтердің жүйелі түрде жаңартылуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ ішкі істер органдарымен және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігімен уақтылы ақпарат алмасуды жүзеге асырады;

3) көшіп келушілердің Қазақстан Республикасына және шетелдіктердің баруы үшін жабық жекелеген жерлерге (аумақтарға) келуін келіседі;

4) көшіп келушілердің Қазақстан Республикасында тұрақты тұруына рұқсат беруді келіседі;

5) көшіп келушілерге Қазақстан Республикасына келген кезде көші-қон карточкаларын беруді және Қазақстан Республикасынан кеткен кезде оларды алып қалуды жүзеге асырады;

6) шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ азаматтардың Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға өтініш хаттарын келіседі;

7) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Ұлттық қауіпсіздік органдары Қазақстан Республикасына және шетелдіктердің баруы үшін жабық жекелеген жерлерге (аумақтарға) келуін көшіп келушілерге; Қазақстан Республикасында тұрақты тұруына рұқсат беруді көшіп келушілерге; Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға өтініш хаттарын шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға келісуден бас тарту үшін негіз болған себепті түсіндірмеуге құқылы.»;

6) 15-баптың 1-тармағында:

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) ұлттық қауіпсіздік органдарын хабардар ете отырып, еңбекші көшіп-қонушыларды есепке алуды және тіркеуді жүзеге асырады;»;

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«13) ұлттық қауіпсіздік органдарын хабардар ете отырып, бизнес-көшіп келушілердің уақытша тұруға арналған рұқсаттарының қолданыс мерзімін ұзартуға немесе қысқартуға өтініш хат береді;»;

7) 3 6 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Шетелдік қызметкерлерге келуге визаларды шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға немесе жұмыс берушіге шетелдік жұмыс күшін тартуға, оның ішінде корпоративішілік ауыстыру шеңберінде берілген рұқсаттың негізінде және қолданыс мерзіміне Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі және Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісілгеннен кейін береді.»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Шетелдік қызметкерлерге келуге визаларды және уақытша тұруға арналған рұқсаттарды шетелдік қызметкердің жұмысқа орналасуға немесе жұмыс берушінің шетелдік жұмыс күшін тартуға, оның ішінде корпоративішілік ауыстыру шеңберінде алдағы жылға рұқсаты болған кезде ішкі істер органдары ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісілгеннен кейін бір жылға ұзартады.»;

8) 4 9 - б а п т а :

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«9) қылмыс үшін алынбаған немесе жойылмаған сотталғандығы бар;»;

мынадай мазмұндағы 14-1) және 14-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«14-1) халықтың көші-қоны, салық салу саласында және еңбек заңнамасын құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылған;

14-2) ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіретін;»;

9) 51-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында тұрғылықты жері бойынша және уақытша болатын жері б о й ы н ш а т і р к е л у г е ; » .

21. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» 2011 жылғы 11 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 17, 135-құжат; 2012 ж., № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 22-I, 140-құжат):

1) 1 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын;

«4-1) діни ілімді тарату – белгілі діннің негізгі догмалары, идеялары, көзқарастары және практикалары туралы ақпаратты жеткізуге бағытталған қызмет, сол сияқты оны б е р у ; » ;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) миссионерлік қызмет – Қазақстан Республикасы азаматтарының,

шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының аумағында дінге жолдану мақсатында діни ілімді таратуға бағытталған қызметі;»;

2) 9 - б а п т а :

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Әр атаудың бір данадағы жеке пайдалануға арналғандарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағына діни әдебиетті, діни мазмұндағы ақпараттық материалдарды әкелуді тіркелген діни бірлестіктер ғана дінтану сараптамасының оң қорытындысын алғаннан кейін жүзеге асырады.»;

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

«3-1. Діни әдебиетті, діни мазмұндағы ақпараттық материалдарды жасауға, шығаруға және таратуға дінтану сараптамасының оң қорытындысы алынған соң жол беріледі.» .

22. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2013 ж., № 5-6, 29-құжат; 2014 ж., 19-ІІ, 96-құжат; 2015 ж., № 22-ІІ, 145-құжат; № 22-V, 154, 156-құжаттар; № 23-ІІ, 170-құжат; 2016 ж., № 7-I, 50-құжат):

5-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) көрсетілетін қызметті алушының уақытша болатын орны бойынша және (немесе) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркеуі болмаған кезде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын кейбір мемлекеттік қызметтер көрсетуден бастартуға ; » .

23. «Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы туралы» 2015 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 1, 1-құжат):

1) 26-баптың 4-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде және төтенше жағдай режимін , терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимін қамтамасыз ету үшін тартылатын Ұлттық ұланның әскери қызметшілері, егер:»;

2) 30-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Төтенше жағдай режимін, терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимін енгізу ахуалында, бұқаралық қоғамдық-саяси іс-шаралар өткізу кезінде тұрақты орналасқан пунктіден тыс жерде қоғамдық тәртіпті қорғауды қамтамасыз ету бойынша міндеттерді орындау үшін тартылатын Ұлттық ұланның бөлімшелері бюджет қаражаты есебінен жайластыруға арналған тұрғын үй-жайлармен, көрсетілетін коммуналдық қызметтермен, байланыс желілерімен және арналарымен, көлік құралдарымен және жанар-жағармай материалдарымен, қосымша тамақпен қамтамасыз етіледі.».

24. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың көші-қоны және жұмыспен қамтылуы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының

Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 22-V, 158-құжат) :

1-баптың 13-тармағының 24) тармақшасында:
екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі және Қазақстан Республикасының шетелдердегі мекемелері Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарымен келіскеннен кейін:»;

алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Осы баптың 1-тармағында аталған шетелдік жұмыскерлерге келу визаларын және уақытша тұруға рұқсатты Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарымен келіскеннен кейін және жұмыс берушінің алдағы жылға шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсаты, өз бетінше жұмысқа орналасу үшін не корпоративішілік ауыстыру шеңберінде келген шетелдік жұмыскердің еңбек шарты болған кезде ішкі істер органдары бір жылдан аспайтын мерзімге ұзартады.».

2-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң 2017 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 17-тармағы 1) тармақшасының екінші абзацын, 2), 3) және 5) тармақшаларын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. Азаматтық және қызметтік қарумен және оның патрондарымен сауда жасауға лицензиялары бар заңды тұлғалар осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап он сегіз ай ішінде өз қызметін осы Заңның 1-бабы 11-тармағының б) тармақшасының алтыншы және жетінші абзацтарына сәйкес келтіруге міндетті.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті